

Әдебиеттер:

1. Теория и методика ономастических исследований. М.: Наука, 1986. — 255с.
2. Шойбеков Р.Н. Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. Алматы, 1993. — 191б.
3. Өмірәлиев Қ. “Қазықұрт” және оған қатысы бар топонимдер жайлы (этнолингвистикалық очерк) // Қазақстан мұғалімі. 1967, № 4.
4. Ахметов З.А. Казахское стихосложение. Алма-ата, 1964. — 460с.
5. Сейфуллин С. Шығармалар. Алма-ата, 1960, 6-том № 6.
6. Қазақ Совет Энциклопедиясы. Алматы, 1972.

Резюме

В статье рассматриваются семантические группы топонимов.

Resume

In general it is obvious that the proper names are losing their extraordinary meaning in the process of the development of literature and has become the part of the belles-lettres style. Consequently the works of folklore literature as myths, legends, fairy tales are turning into the fiction. S. Seyfullin's work “Kokshetau” is an example of it.

И. ЙЫЛДЫРЫМ

СДУ докторанты

Алматы қ.

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ЖҮЙЕЛЕНУІ ТУРАЛЫ

Тіл-тілдегі фразеологиялық бірліктер - лексиканың ең құнарлы. Фразеологизмдер ұлт тілінің дамуы мен ұлт мәдениетінің танымдық ерекшеліктерін көрсете алатын тілдік бірліктер болып табылады. Фразеологизмдердің, екінші сөзбен айтқанда, тұрақты тіркестердің – екі немесе бірнеше сөздердің тіркесіп келуі арқылы тұтас бір мағына білдіретіндігі белгілі. Қазақ тіл білімінде фразеологизмдер тұрақты тіркес, фразеологиялық орам, фразеологиялық тұлға, фразема сияқты атаулармен аталып жүр.

А.М.Бабкин: "Фразеологиялық бірлік, ең алдымен, семантикалық құбылыс болып есептеледі, ал фразеология негізінен семантика-стистикалық зерттеулер саласы болып табылады", - деп атап көрсетеді [1, 5 б.]. Фразеологизмдердің мағыналық жағынан жүйеленуі фразеологиядағы негізгі теориялық проблемалардың қатарына жатады. Фразеологизмдер құрамына қандай тіркестер енетінін анықтау үшін зерттеушілер оларды танып білудің үш негізгі шартын басты белгі етіп алады. Олар:

- қолданылу тиянақтылығы;
- мағына тұтастығы;
- тіркес тұрақтылығы.

Фразеологизмдердің қолданылу тиянақтылығын сөйлеуде, айтылуда бұрыннан қалыптасқан, даяр қалпында жұмсалудың көреміз. Бұл ерекшелік еркін сөз тіркестерімен салыстырғанда айқын байқалады. Себебі еркін сөз тіркестері белгілі бір қалыптасқан грамматикалық жүйені керек етеді. Мысалы: *Gözüni aşıp ұлтұнсауа kadar // Көзді ашып жұмғанша* - "тез, жылдам"; *Тереден інте // Төбеден түскендей* - "ойда жоқта, аяқ астынан".

Фразеологизмдерге тән мағына тұрақты тіркесті құрастырушы сөздердің жеке лексикалық мағыналарына сәйкес келе бермейді. Тіркес ішіндегі сыңарлар тұтасып барып, бір мағынаны білдіреді. Зерттеуші ғалым В.П.Жуков былай дейді: "...Фразеологияның сыңарлары неғұрлым өзінің жеке сөздік қасиеттерін жойған болса, фразеологияның мағынасы соншалық тұтас бола түседі және керісінше" [2, 14 б.]. Мысалы, *Аулуи виртадан /авламандан/postunu satmak* – (Аюды атпай тұрып /ауламай тұрып/ терісін сату); *Çarşıdaki ete soğan doğramak* – (базардағы етке пияз турау) // *Қашпаған қара қашардың /сиырдың/ уызынан дәмету; Тумаған сиырдың уызынан дәмету*. Осы келтірілген тұрақты тіркестердің құрамы әртүрлі болғанымен де, мағына тұтастығымен ерекшеленеді. Барлығы бірдей "қолдан келмеген іске дәмелену, бос сөзге сену" деген мағынаны білдіреді. Фразеологизмдердің тұтастығы жеке сөзбен бірдей емес. Оларға тән басты белгі - туынды мағынада жұмсалып, әрдайым бейнелі мән тудыруы.

Тұрақты тіркестер құрамындағы сөздер айтушының қалауын бойынша емес, қалыптасқан белгілі бір жүйеге байланысты орналасады. Сол себепті сөздердің жігі ажырамай, соған байланысты мағына бірлігі сақталып тұрады. Құрамындағы сөздер басқа сөзбен алмастыруға, сөздердің тұрақты орын тәртібін ішінара өзгертуге келмейді. Сөздердің орын тәртібі қатаң сақталады. Мысалы: *Sinek avlamak* (шыбын аулау) // *Шошқа тағалау* - а) "түк бітірмеу"; ә) "еріккеннің ермегімен айналысу". Осы берілген фразеологизмдерді *шыбын аулау* дегеннің орынына *көбелек аулау* немесе *шошқа тағалау* дегеннің орынына *қой тағалау* деп өзгертер болсақ, құрылымдық тұтастық бұзылмағанымен, стильдік жағы солғындап, дыбыс үйлесімі кемиді, ал мағыналық жағынан бұл қолданыс қазақ танымына келмейді. Тіркес тұрақтылығына нұқсан келеді. "... Осы үш критерийді бір-бірінен жырып алмай, тұтасымен басты арқау еткенде ғана фразеологиялық бірліктің ерекше белгілерін тани аламыз", - дейді І.Кеңесбаев [3, 195 б.]. Осы қасиеттері арқылы фразеологизмдерден, жеке сөздерден, сөз тіркесінен және сөйлемдерден ажыратылады. Фразеологизмдердегі сыңарлардың мағына тұтастығына қарап, оларды зерттеуші ғалымдар негізінен В.В. Виноградовтың ұсынған жүйелі топтауын басшылыққа алып келеді [4, 315 б.].

Біз де осыларды негізге ала отырып, өзіміз қарастырып отырған түрік және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдерді семантикалық белгілеріне қарай:

- фразеологиялық тұтастық (идиом);
- фразеологиялық бірлік;
- фразеологиялық тізбек деген үш топқа ажыратамыз.

Фразеологиялық тұтастыққа құрамындағы сөздер бір-бірімен тұтасып, әбден жымдасып кеткен, олардың мағыналық жігін ешқандай ажыратуға болмайтын тұрақты тіркестер жатады. Мысалы: түрік тілінде: *Bir taşla iki kuş vurtmak* - (бір таспен екі құс ұру); қазақ тілінде: *Бір оқпен екі қоян ату*. Осы тұрақты тіркестердің екеуінде де *тас*, *құс*, *ұру* немесе *оқ*, *қоян*, *ату* деген сөздер өздерінің жеке тұрғандағы лексикалық мағынасынан ажырап, барлығы бірігіп келген кезде ғана "екі істі бір уақытта тындыру, бір ғана әрекеттің арқасында үлкен нәтижеге қол жеткізу" деген мағынаны білдіріп тұр. Сондай-ақ фразеологиялық тұтастыққа жататын мына тұрақты тіркестерге де назар аударып көрелік: *Oklava yutmak* (оқтау жұту) // *Оқтау жұтқандай*. *Sanı ağızına gelmek* (жаны аузына келу,) // *Жаны мұрнының ұшына келу*.

Осы тұрақты сөз тіркестерін өзінің тура мағыналарында қабылдар болсақ, көз алдымызға іске асуы мүмкін емес бейнелер келген болар еді. Фразеологизмдердің бейнелілігі де осында жатыр. Бірақ, атап өткеніміздей, құрамындағы жеке сөздердің беретін тура мағыналарына назар аудармауымыз керек. Себебі, олар өзінің дербес лексикалық мағыналарын жоғалтқан. Тек өзге сөздермен тұтасып барып ғана мүлдем басқа мағыналарға ие болады. Жоғарыдағы фразеологизмдердің алғашқысының берер мағынасы – «түп-түзу болып қайқиып қалу, міз бақпау» болса, екіншісінің беретін мағынасы – а) «қатты қорқу»; ә) «әбден тығырыққа тірелу». Тағы бір мысал келтіре кетейік: *Vaşını etini yetek* (басының етін жеу) // *Құлағының етін жеу*. Екеуі де «ызыңдап сөйлеп мазасын алу, есін шығару» деген мәнде жұмсалады. Мұндағы тіркес сыңарларының бір бүтін мағынасы құрамындағы сөздердің лексикалық мағыналарынан мүлдеп алшақтап кеткен. Сөйтіп, бөліп-жаруға келмейтін тұтас идиомалық мағынаға ие болған.

Фразеологиялық бірлік те фразеологиялық тұтастық тәрізді орын тәртібі жағынан өте тиянақты болып келеді. Құрамындағы сөздердің бірі екіншісімен қалайда бір байланыста болатыны аңғарылады. Бұлар әуелдегі еркін тіркестердің ауыс мағынада қолдануынан келіп шыққан. Бұл жайында Ә.Аблақов, С.Исаев, Е.Ағыманов секілді ғалымдарымыз былай дейді: «О тұрақты тіркестерді жасаған» [5, 317 б].

Мысалы: Махмұт Қашқари сөздігінде келтірілген мына бір бәйітке назар салып көрелік:

Көңдүм ішін өртеді

*Пішміш бащығ қартады
Кешміш үдзұқ іртеді
Түн күн кешін іртелұр
Аудармасы: Көңілім ішті өртеді,
Тырнады біткен жараны.
Өткен күнді (уақытты) іздеді,
Күн-түн кешін сұрады.*

Бұл жердегі *ішті өртеу, біткен (бітеу) жараны тырнау* деген фразеологизмдердің «*өкініш, уайым тудыру, алаңдату*» және «*ескіні қозғау, ұмыт болғанды еске түсіру*» деген мағынада жұмсалып тұрғанын аңғарамыз. Енді осы тұрақты тіркестердің байлаулы мағыналарының әуелгі еркін тіркесті сөздердің нақты лексикалық мағыналары негізінде пайда болғанын аңғару қиын емес.

Сол сияқты түрік тіліндегі *At çalındıktan sonra ahırın kapısını kapamak* (ат ұрланғаннан кейін қорнаның есігін жабу) және қазақ тіліндегі *түстен кейін маңырау* деген тіркестерден бір нәрсені болар іс болып қойған соң, кешігіп барып жүзеге асыру дегенді түсінеміз. Бұл фразеологиялық мағынаның жасалуына бастапқы еркін тіркестегі тура (лексикалық) мағына тірек болғандығы айқын. Сол мағынаға басқаша рең беріп, салыстырып қолдану нәтижесінде фразеологизмдерге айналып кеткен. *Arının yuvasına kazık dürtmek* (араның ұясын қазықпен түрту) // *Ұйықтап жатқан жыланның құйрығын басу* деген фразеологизмдер қос тілде де «бір пәлеге өзі ізденіп барып ұрыну» дегенді білдіреді. Осы аталған тұрақты сөз тіркестері де өмірде болуы мүмкін нақты іс-әрекеттерді суреттейді. Уақыт өте келе олар еркін тіркестен тұрақты тіркеске айналған деп айта аламыз.

Nuh zamanından kalma (Нұх (пайғамбар) заманынан қалған) // *Атам заманынан қалған* – «өте көне, ескі». Бұл мысалдан да соңғы фразеологиялық байлаулы мағына мен алғашқы лексикалық мағынаның өзара байланыстылығы анық сезіліп тұрғанын көруге болады.

Фразеологиялық тізбектер де фразеологиялық бірліктер сияқты еркін тіркестердің ауыспалы мағынада қолдануынан келіп шыққан. Яғни, тұрақты тіркес құрамындағы сыңарлардың бастапқы мағынасы бүтіндей жойылып кетпесе де, бастапқы мәнінен ажырап күңгірттене бастағанын көруге болады. Еркін мағынадағы фразеологиялық қалпында сөздердің тіркесуінен жасалып, өзгеріссіз тізбек – бүкіл тұтас тіркестің беретін мағынасы тұрғысынан қарағанда, фразеологиялық бірліктей емес, өзінің құрамындағы сөздердің мағынасымен қандайда бір байланысты болады. Солардың мағынасынан туындайды. Осындай пікірлерді Ә.Болғанбаев пен Ғ.Қалиұлының [6, 20 б], Р.Сәрсенбаевтардың еңбектерінен де көруге болады [7, 87 б].

Сөздердің тіркесу қабілеті олардың мағыналық табиғатындағы ауыспалы, образды мағыналарымен астасып жатады. Сондықтанда

фразеологиялық тізбектер - құрамындағы сөздердің образды мағыналарымен байланысты болады. Фразеологиялық тізбектердің құрамындағы сөздердің образды мағынада жұмсалуды олардың теңеу, салыстыру сияқты көркемдік мағынада айтылуынан келіп шыққан. Мысалы:

М.Қашқари сөздігінде: *Меңзі иүзі сарғаруу* (бет-бейнесі сарғаяр).

Түрік тілінде: *Beti benzi sararmak [solmak]* (Бейт-бейнесі сарғаю (солу)).

Қазақ тілінде: *Жүзі солу* (сарғаю).

Беретін мағыналары: а) «қайғыдан жүдеу»; ә) «көп күтуден, тосудан жалығу». Сондай-ақ: *Ауағина gelmek* (аяғына келу) // Аяғына жығылу – «кешірім сұрау, жалбарыну, өтіну»; *Avcunun içi gibi bilmek* (алақанының ішіндей білу) // *Алақанындағыдай білу* – «өте жақсы білу».

Берілген мысалдардан байқағанымыздай, фразеологиялық тізбектердің бір компоненті болса да өзінің негізгі лексикалық мағынасын сақтап тұрады. Негізгі лексикалық мәнінен алшақтап кетпейді және фразеологиялық байлаулы мағына содан туындайды.

Қорыта келгенде жоғарыда берілген пікірлерімізді түйіндейтін болсақ түрік және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдер әр жылдарда әр түрлі қырларынан зерттеліп қарастырылып келеді. Қазақ тіл білімінде фразеологияның жүйелі теориялық негізі қалыптасқан болса, түрік фразеологиясы жайлы олай дей алмаймыз. Түрік фразеологиясы теориялық тұрғыдан кенжелеу дамыған сала қатарында. Алайда лексикография аясында зерттелуінде едеуір ілгерілеушілік бар деуімізге болады. Біз қос тілдегі фразеологизмдерді зерттеген ғалымдардың теориялық жүйелі тұжырымдарын негізге ала отырып, салыстыра қарастыратын деректерімізді мағыналық жағынан жүйелеуге тырыстық.

Әдебиеттер

1. Бабкин А.М. Русская фразеология. Ее развитие и источники. – Ленинград, 1970.
2. Жуков В.П. Семантика фразеологических оборотов. – Москва: Просвещение, 1978.
3. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің тиянақты сөз таптары: Филол.ғыл.д-ры дис. – Алматы, 1944.
4. Виноградов В.В. Об основных типах фразеологических единиц в русском языке. // Сб. «А.А.Шахматов». Труды комиссии по истории АН СССР, 1947. – Вып.3.
5. Аблақов Ә. Исаев С. Ағыманов Е. Қазіргі қазақ тіліндегі сөз тіркестері. – Алматы, 1997.
6. Болғанбаев Ә. Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы: Санат, 1997.
7. Сәрсенбаев Р. Қазақ тілінің фразеологиясы. (Спец-курс) Алматы: ҚазМУ, 1973.

8. Aksan, Prof. Dr. Doğan, 2009 “Her Yönüyle Dil Ana Çizgileriyle Dilbilim.” Ankara: TDK Yayınları
9. Alan, Yusuf, 1994, Lisan ve İnsan, İzmir: T.Ö.V. Yayınları
10. Türk Dili ve Edebiyatı Ansiklopedisi, 1977, Dergâh Yayınları, C:1
11. Aksoy, Ömer Asım, 1988, Atasözleri ve Deyimler Sözlüğü–2, İstanbul: İnkılâp Yayınları
12. Pala, İskender, 2005, İki Dirhem Bir Çekirdek, İstanbul: Babiâli Kültür Yay.
13. ÇİL, A. Ergenekon ve Neclâ Çelebi, 1981, Açıklamalı Atasözleri ve Deyimler, İstanbul: Murat Ders Yayınları
14. Sağlam, Musa Yaşar, 2001, “Atasözleri ve Deyimlerde İmgelem”, Ankara: Hacettepe Üniversitesi Edebiyat Fakültesi Dergisi C: 18, s.45–51
15. Gündüzalp, Selim, 2004, Deyimler ve Öyküleri, İstanbul: Zafer Yayınları

РЕЗЮМЕ

Бұл мақалада қазақ және түрік тілдеріндегі фразеологизмдер салыстырыла отырып, олар фразеологиялық тұтастық, фразеологиялық бірлік, фразеологиялық тізбек деп жүйеленеді.

ÖZET

Bu makalede Kazak ve Türk dillerindeki bazı deyimler anlam bakımından karşılatırılarak tasnif edilmiştir.

Н.Т.ӘТЕЙБЕКОВА,

Магистрант, Абылай хан атындағы ҚХҚ және ӘТУ,

Алматы қ.

МАҚАЛ – МӘТЕЛДЕРДІҢ ХАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІНДЕ АЛАТЫН РОЛІ

Тіл – әр ұлттың бойтұмары әрі оның қасиетін бейнелейтін таңбалық жүйе. Тіл көнеден келе жатқан таңбалық жүйелікпен қатар сол жүйені көмкерген мәдениет. Тіл – әр халықтың ұлы мұрасы, ұлттық тарихи жетістігі. Әр ұлттың өз тілі, өзіне тән мәдениеті бар екені баршаға мәлім, алайда бір тілден не белгілі бір ұлтқа тән мәдениеттен басқа ұлт мәдениетін немесе басқа тіл сөздерін көре аламыз. Тіпті кейде, кейбір сөздердің сол тілге мүлдем етене еніп кеткенін көруге болады. Сондай-ақ мәдениеттен де бұны байқауға болады. Белгілі бір тілге тән сөздердің не мәдениет элементтерінің басқа тілге және ұлтқа енуінің тарихы бар. Мысалы, араб- парсы сөздерінің қазақ тіліне ауысуы талай талай ғасырларға созылған әрі ұзақ әрі күрделі процесс болғаны белгілі. Осыған байланысты ғылыми тұрғыда араб- парсы сөздерінің қазақ тіліне ену процесін шартты түрде екі кезеңге бөліп қарастырады. Біріншісі – XV ғасырға дейінгі, яғни қазақ халқы қалыптасқанға